



Жапелова Замзагуль Турбековна  
№41 жалпы білім беретін орта мектеп  
Информатика пәні мұғалімі

# ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ҮНЕМДЕУДІҢ ҚАРАПАЙЫМ ЖОЛДАРЫ

САБАҚТАН ТЫС ТӘРБИЕ ІС –  
ШАРАСЫ

Сыныбы -8 А, Ә

Қатысқан оқушы саны -

Сыныптан тыс тәрбие  
іс –шарасының мақсаты:

Қазақстан Республикасының Үкіметінің  
энергияны үнемдеу саясатымен таныстыру,  
күнделікті өмірде қолдана білуге тәрбиелеу.



**ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ ТУРАЛЫ  
1997 Ж. 25 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ  
№ 210-1 ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ  
ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
КОНСТИТУЦИЯСЫНА  
НЕГІЗДЕЛЕДІ ЖӘНЕ ОСЫ  
ЗАҢНЫҢ, СОНДАЙ-АҚ  
ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨЗГЕ ДЕ  
НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ  
АКТІЛЕРІНЕН ТҰРАДЫ.**

### 3-БАП.

ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК  
САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ:

ОТЫН-ЭНЕРГЕТИКА РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ  
ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ОЛАРДЫ ШЫҒАРУ МЕН  
ЖЫЛУ ЖӘНЕ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУДІ  
МОЛАЙТУДАН БАСЫМДЫҒЫ;

ОТЫН-ЭНЕРГЕТИКА РЕСУРСТАРЫН ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ)  
ЭНЕРГИЯНЫ ШЫҒАРУ, ӨНДІРУ, ҰҚСАТУ, ТАСЫМАЛДАУ  
ЖӘНЕ

ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ АДАМНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН  
ДЕНСАУЛЫҒЫН, ОНЫҢ ӨМІРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-  
ТҰРМЫСТЫҚ ЖАҒДАЙЛАРЫН, ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ  
ҚОРҒАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ БАСЫМДЫҚ;

ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ САЛАСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК  
РЕТТЕУДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ;  
ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУДІ, ЭНЕРГИЯНЫҢ ЖАҢҒЫРТЫЛАТЫН  
КӨЗДЕРІН ПАЙДАЛАНУДЫ ЫНТАЛАНДЫРУДЫ  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ  
ЖАҒЫНАН ҚОЛДАУ ҚАЖЕТТІГІ;  
ӨНДІРЕТІН ЖӘНЕ ЖҰМСАЛАТЫН ОТЫН-ЭНЕРГЕТИКА  
РЕСУРСТАРЫНЫҢ АНЫҚ ЕСЕБІНІҢ МІНДЕТТІЛІГІ;  
ОТЫН-ЭНЕРГЕТИКА РЕСУРСТАРЫН ӨНДІРУШІЛЕРДІҢ,  
ЖЕТКІЗІП БЕРУШІЛЕРДІҢ ЖӘНЕ ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ  
МҮДДЕЛЕРІН ҮЙЛЕСТІРУ;  
**ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУГЕ ЖҮЙЕЛІ КӨЗҚАРАС;**  
ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ САЛАСЫНДА АҚПАРАТ, БІЛІМ БЕРУ  
ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІН ІСКЕ АСЫРУ БОЛЫП  
ТАБЫЛАДЫ.



Алаштың айбыны мен  
айбарына айналған  
ажарлы Астанада  
Бүкіләлемдік  
EXPO-2017 көрмесі өтеді.  
Тақырыбы: «Болашақ  
энергиясы»  
бұл бүкіл әлем үшін  
маңызды тақырып.

# INTERNATIONAL SPECIALIZED EXHIBITION EXPO-2017 ASTANA



**EXPO**2017  
ASTANA  
KAZAKHSTAN



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨРМЕЛЕР БЮРОСЫНЫҢ 152-ШІ БАС АССАМБЛЕЯСЫНДА ЖАБЫҚ ДАУЫС БЕРУДІҢ НӘТИЖЕСІНДЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕЛОРДАСЫ КӨП ДАУЫС ИЕЛЕНІП, БЕЛЬГИЯНЫҢ ЛЬЕЖ ҚАЛАСЫН БАСЫП ОЗДЫ ЖӘНЕ «ЭКСПО-2017» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨРМЕСІ ӨТЕТІН ҚАЛА БОЛЫП ЖАРИЯЛАНДЫ.



Энергия үнемдеу бүгінгі  
таңда біздің өміріміздің  
пәлсапасына, нақты  
күнделікті тұрмыс  
шартына айналуы қажет.  
Сондықтан әрбір адам  
өзіне қажетті  
тұрмыс техникаларын  
таңдаған кезде  
энергиялық жағынан  
тиімді  
қондырғыларға  
басымдық беруі қажет.



**Табиғатты қорғау.**



**адамзаттың парызы**

**Сабақтан  
тыс  
тәрбие іс-  
шарасы  
энергия  
үнемдеу  
тақырыбына  
арналады.**


# «ЖАСЫЛ ЕЛ» БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША

- Саулебеков Данияр – 3 орын,
- Хажиев Дастан - сертификат иегері,
- Бекетаев Адиль - сертификат иегері,
- Алтынбекұлы Ерасыл – сертификатқа ие болды.

**МЫНА КЕҢЕСТЕРДІ  
ЕСІҢЕ САҚТА!!!**



**Электр энергиясын үнемдеудің  
ең қарапайым және тиімді тәсілі  
– өзіңізден кейін әрқашан  
жарықты сөндіруді ұмытпаңыз.**



**Үйіңізден ұзақ уақытқа шығар алдында (немесе ұйықтар алдында) жарықты ғана сөндіріп қоймай, standby (күту режимі) режиміндегі теледидар, музыкалық орталық, DVD құралы сияқты электр приборларын сөндіруді ұмытпаңыз. Бұл шара сондай-ақ Сіздің үйіңіздің өрт қауіпсіздігін арттырады.**



Қарапайым лампалардың орнына энергия үнемдеуші лампаларды қолданыңыз. Энергия үнемдеуші лампалар қарапайым лампаларға қарағанда электр қуатын 5-6 есеге аз тұтынып, бірдей жарық береді. Сонымен қатар, энергия үнемдеуші лампалардың пайдалану мерзімі қарапайым лампалармен салыстырғанда сегіз есеге артық. Энергия үнемдеуші лампалар электр қуатын 80 % жуық үнемдейді.

80 %

СРОК СЛУЖБЫ В ВОСЕМЬ РАЗ БОЛЬШЕ!



≈




**Теледидарды жарық тең түсетін жерге қойыңыз, бұл теледидар көрсететін бейнелерді реттеу режимін біршама төмен деңгейге орнатуға мүмкіндік береді. Бұл компьютердің мониторуна да қатысты. Бұл шара электр қуатын 5 % дейін үнемдеуге мүмкіндік береді.**



**5 %**

**Қазіргі таңда шығарылып жатқан компьютерлердің барлығында энергия үнемдеуші режимдер қарастырылған. Бұл режимді дұрыстап баптасаңыз электр энергиясын 50 % дейін үнемдеуге болады.**





Ұялы телефонның, фотоаппараттың, плеердің, ноутбуктың және т.с.с. арналған зарядтаушы құрылғыны розеткаға қосылған күйінде бос қалдырмаңыз. Мұнда зарядтаушы құрылғы электр энергиясын тұтынады, бірақ электр энергиясы зарядтауға емес, аппараттың қызып тұруына жұмсалады.



**Шаңсорғыш тиімді түрде жұмыс істеуі үшін оның шаң жинағышын уақытында тазартып немесе ауыстырып отыру қажет. Шаң жинағыш пен сүзгілер де шаңға толып қалса ол шаңсорғыштың жұмысын қиындатады, ауаны тарту функциясын төмендетіп, шаңсорғыштың энергия тұтыну қуатын арттырады.**



Ас әзірлеуге арналған ыдыстарды таңдағанда ол электр плитасының комфоркаларының өлшемдеріне сәйкес келмейді де, 5-10% энергия жоғалтады. Электр плиталарды қолданғанда электр энергиясын үнемдеу үшін комфорканың диаметріне тең немесе үлкен, түбі қисық емес ыдыстарды қолданыңыз.

5-10 %



Ас әзірлегенде кастрюльдің қақпағын жабыңыз. Су тез буланып шыққанда тағам әзірлеу уақытын 20-30% арттырады да, сәйкесінше ас әзірлеу үшін электр энергиясы соншалықты көбірек шығындалады.

20-30%




Кір жуғыш машиналардың ұтымды пайдаланудың ең басты шарты – киім жуудың максимум жүктемесінен аспау. Кір жуғыш машинаны толық емес жүктемемен қоспауға тырысыңыз: мұндай жағдайда электр энергиясын шамадан тыс жұмсау 10–15 % құрайды. Жуу бағдарламасын дұрыс пайдаланбағанда электр энергиясының шамадан тыс жұмсалуы – 30 % дейін.



30 %

**Тоңазытқышты салқын жерге қойыңыз, оны ешқашан пештің жанына қоймаңыз. Егер тоңазытқыш тұрған бөлменің температурасы  $30^{\circ}\text{C}$  жететін болса, онда электр қуатын тұтынуы екі есеге артады**



**2 есе**

## Оқушыларға проблемадан шығу тапсырмалары

### **1- топ.**

Қазір еліміздің аумағында 20 миллиард тоннадан астам күл-қоқыс үйіндісі шоғырланған. ҚР-да күл-шлак қалдықтарын қайта өңдеу 1 %, полигондар мен күл-қоқыс алаңдарына төгілетін коммуналдық қалдықтарды өңдеу 0,2 % аспайды.

**Тапсырма: Экологиялық ахуалды ретке келтіру жолдарын қағаз бетіне түсірсеңіздер.**

## Оқушыларға проблемадан шығу тапсырмалары

### **2- топ.**

Дәстүрлі энергия көздерін атаңыздар.

Балама қуат көздері дегеніміз не? Бұл қуат көздерін қолдануға қандай проблемалар себеп болып отыр?

**Тапсырма: Сұрақтардың жауабын қағаз бетіне түсіріңіздер.**



## Оқушыларға проблемадан шығу тапсырмалары

**3- топ.**

Қазақстан таза ауасы, сапалы суы мол, жасыл да гүлденген елге айналуы үшін алдымызға қандай міндеттер қоюымыз қажет?

**Тапсырма: Сұрақтардың жауабын қағаз бетіне түсіріңіздер.**

# ОҚУШЫЛАРҒА ПРОБЛЕМАДАН ШЫҒУ ТАПСЫРМАЛАРЫ

## 4- ТОП.

Экологияға қатысты инвестиция бөлімі  
Сіздер болсаңыздар, неден бастар  
едіңіздер?

**Тапсырма: Сұрақтардың жауабын  
қағаз бетіне түсіріңіздер.**

Әр топ өзіне жұмысын қорғайды,  
жұмыстарына баға беріледі.

Үйге: “EXPO-2017” Халықаралық  
көрмесі туралы ақпарат жинау  
тапсырылады.



EXPO2017  
ASTANA